

Қазақстандағы Ресей құрамындағы кезеңдегі билер сотындағы өзгерістер

Д.С. Сеюбергена

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инженеринг университеті Қазақстан, Ақтау қ.

Аннотация. Бұл мақалада Ресей Империясындағы билер сотындығы өзгерістер қарастырылған.

«Қазақтың көне құқығы, ұлан-ғайыр «еркін» аймақта орналасқан, түркі тілді көшпелі өркениеттің төл туындысы, әрі мәдени жемісі, әрі мұрасы» [1].

Би, біріншіден – сот болған. Қазақ даласында билік атаққа жету оңайға түспеген. Себебі, би болатын адам жасынан бастап «Дала заңының» негізгі қағидаларын, оның негізгі құқықтық нормаларын толық меңгеріп, атақты билердің үлгілі сөзінен нәр алған және оны басшылыққа алған.

Қазақтың әдет-ғұрып заңдар жүйесі, мәдени және демократиялық дәстүрлерге негізделген. Сондықтан өзіне тән ерекше құқықтық реттеушілік мәнін ХХ ғасырдың басына дейін сақтап келді және көшпелі өркениеттің шаруашылық-тұрмыстық, дүниетанымдық негіздері осы жаңа дәуірге дейін сақталғанын байқаймыз.

Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты еңбегінде билер сотының маңызы туралы айтқан мына сөзінен құқықтың іс жүзіне асырылу жолын толық түсінуге болады: «Далалық демократияға, сондай-ақ тәуелсіз билер соты, әйелдердің ер азаматтармен тең құқықтығы, діни тақуалықтан аулақ болу, рулық тайпалық құрылым басшыларын көпшіліктің қалауы бойынша сайлап қою тән болатын» [2]-деді.

Дәстүрлі қазақ қоғамында билерге ерекше маңыз берілді деп айтуға болады. Өйткені билердің шаруашылық, әдетті – құқық, әскери және идеологиялық міндеттерді атқаруда ерекше ролі болды.

Сонымен қазақ халқында билер құрметті тұлға болған. Олардың даналық сөздері – ата мұрамыз, алтын қазынамыз деп есептейміз.

Билердің өз кезінде ел басқару ісіне үлкен әсері болып, халқымыздың бірлігі мен ынтымағына зор ықпалы болғанын ешуақытта ұмытуға болмайды. Бірақ оны дүниежүзінің қазіргі өркениетті даму

барысында қазақ елін би басқарсын, билердің басқару жүйесіне кешірейік деген пікір айту, әлбетте, көңілге қонымсыз болар еді. Өйткені билер мен оның билік ету жүйесі қазақы қалпымызға ғана үйлесетін қасиет. Яғни, халық құрметтеген билеріміздің бұрынғы қызметтерін қастерлей отырып, олардың шешендік сөз өнерін әлі де дамыта түсу қазіргі ұрпақтарына сын.

XIX ғасырдың бас кезіне дейін қазақтардың өздеріне тән бірегей дәстүрлі билер соты болды. Ол көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтына бейімделген еді. XIX ғасырдың 20-жылдарынан бастап патша үкіметі билер сотын бірте-бірте жоя бастады.

XVIII ғасырдың аяғынан бастап билер сотымен қатар қазақ жеріне ресми ресейлік сот билігі кіргізіліп, қазақ халқы өзін-өзі басқару құқығынан айырылды.

Ресей Қазақстан аумағына азаматтық және әскери сот жүйесін енгізгенге дейін мұнда дәстүрлі билер соты болды. Ол қылмыстық, мүлктік, ішкі отбасылық тәртіп бұзушылықтар мен қылмыс түрлерін қарап, қоғамның құқықтық өмірін ретке келтіріп отырды.

Ал империяның саясаты сот құқығы саласында негізгі бағыт қазақтардың билер сотын шектеу, патша өкіметінің заңдарын тереңдеп ендіру. Сот билігі патша өкіметінің әкімшілік аппаратының жазалау бөлігі болды. Осы бағытта ол күшейе түсті. Билер соты да патша өкіметінің еркін, бай феодалдардың еркін қорғауға қызмет етті. Жаңа Ережелер бойынша билер соты «халық соты» деп аталды. Билер қызметке үш жыл мерзімге сайланатын болды. Болыстық сайлауда болыстармен бірге билер де сайланды. Билер де әскери губернатордың бекітілуіне жатты. Әр болыста ауылдардың санына қарай 4-8 би болды. Әр ауылда бір биден артық болмады.

Ресей империясының отарлау саясатының 1864 жылғы сот реформасын енгізуінің салдарынан билер соты өзінің демократиялық-құқықтық институт ретіндегі дәстүрлі мән-маңызын жоғалтты. Үш сатылы билер сотын (жеке-дара сот, болыстық және төтенше съездер) сот төрелігінің жаңа жүйесін енгізіп, құқықтық күзіретін шектеу оның қызметін елеулі дәрежеде өзгертті. Ол қазақ даласындағы отаршылдық басқару әкімшілігінің бір тармағына айналды.

Патша үкіметі XIX ғасырдың 20-90-жылдары аралығында билер сотын тарата бастады. Өйткені билер соты отаршыл өкімет орындарының жалпы империялық басқару тәртібін енгізуіне көп кедергі келтірген болатын. Озық ойлы қазақ зиялыларының өкілдері билер сотының бұрынғы қалпында өзгеріссіз қала беруін жақтады. Мәселен, қазақтың көрнекті ғалымы Шоқан Уәлиханов билер сотына жоғары баға берді.

1885 жылы Шардары билердің төтенше съезінде Төбе би болып сайланған ұлы Абай құқықтану ғылымына өлшеусіз үлес қосқаны белгілі.

XIX ғасырдың орта шенінде іске асырылған сот, земство, халық ағарту және басқа да реформалар Ресейдің құрамында дамыған шығыстағы ұлттық аймақтарға әсер етпей қоймады. Патшалы Ресейдің ұлттық аймақтарды шикізат қоры және көзі ретінде сақтау саясаты Қазақстанды да қамтыды [3].

1867-1868 жылдардағы реформалар арқылы әскери-сот комиссиялары мен уездік соттар құрылды. Ашық таптық сипаты бар сот мекемелері патша үкіметінің отаршылдық саясатын жүргізу құралы болды. Сырдария облысында қазылар соты сақталынса да, әскери-уездік соттардың дау-жанжалдарды шешудегі рөлі басым еді. Алайда сот істеріндегі өзгерістердің бір айта кететін жайы – ол ескі шарифаттық патриархалдық-феодалдық салттардың күнделікті өмірге әсеріне шек қойды. Әрбір болыста төрттен сегізге дейін (шаңырақ санына қарай) билер сайлайтын еді. Шын мәнінде, әскери губернаторлар бекіткен билер мен қазылар соттары патша үкіметінің Қазақстандағы отаршылдық сот жүйесінің төменгі буыны болды. 1861 жылғы крепостниктік құқын жою жөніндегі заң сияқты 1867-1868 жылдардағы реформалар қоғамның түбірлі қайшылықтарын шеше алмағандықтан, реформа арқылы отарлық басқару, билік

нығайтылды. Халықты бағынышты жағдайда ұстайтын, үстем таптың саясатын бұлжытпай орындайтын әскери әміршілер Қазақстанда да өз күшіне енді.

Батыс Сібір губернаторы М.М. Сперанский «Сібір қырғыздары туралы Устав» атты құжат жасақтады. Осы Устав негізінде Орта жүзде хандық билік жойылып, бұрын рулық принцип бойынша бөлінетін территория әкімшілік-территориялық прициппен округтерге бөлінді. Округтер болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінді. Әр округте 15-20 болыстар, әр болыста 10-12 ауылдар, әр ауылда 50-70 үйлер болды [4].

Округтер Омбы облыстық басқармасына бағынып, округті коллегиялық орган округтік бұйрық басқарды. Округтік приказға аға сұлтан-төраға және төрт заседатель (оның екеуі ресейліктерден тағайындалды, екеуі құрметті қазақтардан сайланды) кірді. Округті аға сұлтан басқарып, бірақ бұйрық құрамындағы ресей өкілдері билік жасады.

«Устав» бойынша қазақтардың сот ісіне, әдет-ғұрып құқығына өзгерістер енді. Билер сотының, адаттың билігі шектеліп, сот әкімшіліктен бөлінбеді.

Сонымен билер соты үш сатыдан тұрды: а) Жалғыз биден тұратын 300 сомға дейінгі азаматтық талап арыздарды қарайтын, 100 сомға дейінгі шешімдерді түпкілікті шешуге құқықты соттар; б) болыстық билер съезі бірінші сатылы сот ретінде шектеусіз мөлшердегі азаматтық істерді қарады және 500 сомға дейінгі дауларды түпкілікті шешуге құқықты, сондай-ақ екінші сатылы сот ретінде жалғыз билер сотының шешімдерін қарады; в) билердің төтенше съезі әртүрлі болыстардың ауылдары арасындағы дауларды қарады, екінші сатылы сот ретінде болыстық билер съезі шешімдерін қарады. Билер соты мынадай қылмыстық мәселелерді: жеке басқа қарсы қылмыстар (кісі өлімінен басқа); меншікке қарсы (тонау мен талқандаудан өзге), отбасы-некеге қарсы, ислам дініне қарсы, болыс, би, старшындарға қарсы істерді қарады. Ережелерде айыптың, тоғыздың мөлшерлері нақтыланып, малдың ақшаға шаққандағы құны да белгіленіп отырды. Мысалы, төтенше билер съезі малдың құнын былай белгіледі. 5 жылдық түйе 30 сом, екі жылдық түйе 15 сом, бес жасар жылқы 10 сом, 2 жасар тай – 5 сом, сиыр құны жылқымен бірдей, ірі қой – 2 сом, бір жасар қой

(тоқты) – 1 сом. Билік үшін әр 10 сомнан 10 тиын төленді [4].

Бұрын халық соттарына жататын жиырмадан аса істер империялық соттарға берілді. Айып салатын шешімдерде билер кінәліге айып салып, соны орындаттырған. Айып түрлері аз емес. Соның біріне тоқталайық. Бірде бір ауылдың жесірін екінші ауыл жігіті алып қашыпты. Одан кейін екі ауыл жігіттері арасында шатақ шығып, арты төбелеске ұласыпты. Жесір иелері жесірін қайтарып, қарсы жақтың адамдарын сабап тастаса керек. Біреуінің басы жарылып, біреуінің қолы сынып, биге өтініпті. Би жесірді алып қашқан жаққа: «Айыбыңа ат мінгізіп, үстіне шапан жабасың. Бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде, сендер жесірін алып қашпасаңдар төбелес болар ма еді» депті. Ара ағайындар әділ билік болды деп, биге ризалық білдірген екен.

Кейбір авторлардың көзқарасы бойынша Ресейге қосылғаннан кейінгі кезең Қазақстан сот жүйесі дамуының келесі кезеңі болып табылады, ол жұмыс істейтін екі қосарласқан сот жүйелерімен ұсынылған:

1) Ресей империясы заңдарының негізінде әрекет еткен патшалық мемлекеттік сот мекемелері, олар қазақтардың аса маңызды қылмыстық істерін және түрлі халықтың арасында туындайтын істерді қарайтын;

2) ұлттық соттар – билер соты, олар қазақтардың кішігірім қылмыстық және азаматтық істерін шариат (мұсылман құқығы) пен адат (әдеттегі құқық) нормаларының негізінде қарайтын. Осы кезеңде Сібір қырғыздарының жарғысын қабылдау самодержавиенің алғашқы ірі актісі болды, ол іс жүзінде хан билігінің күшін жойып, билікті патша әкімшілігіне берді. 1864 жылғы сот реформасы, патшаның «Сот жарғысы» бекітіліп, Қазақстанның сот жүйесін өзгертуге алып келді. Ал бітімгершілік соттары мен сот тергеушілерінің құқығындағы уездік соттар; бітімгершілік судьялар съезінің құқығында әрекет ететін және олардың қызметіне қадағалауды жүзеге асыратын, қылмыстық және азаматтық соттардың Палаталары ретінде әрекет ететін облыстық басқармалар – облыстық соттар құрылған болатын; әскери-соттық және әскери-далалық соттар мемлекетке опасыздық туралы, мемлекеттік лауазымды тұлғаларды өлтіргені туралы, әскери және басқа қылмыстар туралы істерді қараған. Жоғары сот органы болып Үкіметтік сенат танылды. Реформаның оң сәті

сот өндірісіне буржуазиялық-демократиялық қағидаттардың: соттың әкімшіліктен тәуелсіз болуының және судьялар тұрақтылығының, сотта алқа билердің қатысуының және бітімгершілік соттардың сайланып құрылуының, сот процесінің жариялылығының, сот алдында тараптардың теңдігінің, айыпталушының қорғануға құқығының енгізілуі болып табылды. Қазан төңкерісінің (1917 ж.) жеңісінен кейін Ресейде патшалық сот машинасының күйреп, кеңестік сот жүйесі құрылды деуге болады.

Сонымен, билер сотына бақылау орнады. Ол соттың шешімі жоғарыға шағым болмағанда ғана күшіне енді. Билер соты: рулық, төменгі рулық және ауылдық сот деп аталатын буындарға бөлінді. Билер сотының 2 мыңға дейін сомды құрайтын істің шешімдері округтік приказда, 5 мыңнан жоғары істер жөніндегі шешімдер Үкіметтік Сенатта бекітілетін болды. Билерге тұтқында ұстау, Сібірге айдау, дүре соғу, рудан аластау сияқты құқықтар берілді. Ғасырлар бойы ұлттық салт-дәстүрге қызмет етіп келген көне заңдар ережесі, билер соты 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін өз күшін жоймай, дәстүрлі қазақ заң құқықтарының нормалық жиынтығы болып келген еді. Жаңа социалистік қоғам билер сотын «ескіліктің қалдығы» есебінде танып, ұлттық, мемлекеттік маңызын жоюға әкеп соқты.

Сегіз ғасырдан астам уақыт осындай ерекшелігімен халық мүддесіне, ұлттық салт-дәстүрге қызмет етіп келген көне заңдар ережесі, билер соты 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін өз күшін жоймай, дәстүрлі қазақ заң құқықтарының нормалық жиынтығы болып келген еді. Жаңа социалистік қоғам үстемдік құрған 1917-1922 жылдар аралығында билер соты талай мәрте айтыс-тартысқа түсіп, «ескіліктің қалдығы» есебінде ұлттық, мемлекеттік маңызын жоюға әкеп соқты.

1922 жылдың соңы Кеңестер еліндегі барлық республикалар үшін үлкен жаңалық әкелді. Яғни осы жылдың 31 желтоқсаны күні одақтас республикалар құрылып, Советтік Социалистік Республикалар Одағының салтанат құрған датасы тарихи құжат болып бекітілді. Осы негізбен барлық Одақтас республикалар мемлекеттік мәртебелерін белгілеп, қайта құрылды. Соған орай сот, заң шығару орындарын, басқару билігін одақтық саясат негізіне сай қайта жүйелеп, бекітті. Сот құрылымдары да Бүкілодақтық Атқару комитетінде қаралып, бір жүйеге түсі-

рілді. Одан кейін губерниялық соттар тұрды. Әрбір одақтас республикалардың Жоғарғы Соты құрылып, КСРО Жоғарғы Сотына мәлімет беріп, бір орталыққа бағынған заңдылық негізінде сот ісін жүргізуді үрдіске айналдырды. Сөйтіп, КСРО-дағы барлық сот жүйесі одақтық маңызға ие болды [5].

Дегенмен, қазақтың билер соты өзінің шынайылығымен халыққа ең жақын құқықтық орган болған. Құқықтық құрылымы және сот ісін жүргізуде өзіндік қалыптасқан бай тарихы бар, әлемдік үлгідегі классикалық соттарға қай жағынан да үйлесе алатын бірегей сот жүйесі екеніне дүниежүзіндегі ғалымдар нақты көз жеткізді.

Яғни, қазақ елінің мыңдаған жылдардан бері ғасырдан-ғасырға ұласып келе жатқан мемлекеттік билігінде билер сотының алар орны ерекше. Шынайы халықтық үлгіде құрылып, ежелден елдік әдет-ғұрыпқа негізделген дәстүрлі құқық нормаларын берік ұстанған бұл сот жүйесі ұлттық санамыздағы ұзақ жылғы даму эволюциясында тек әділдік пен ақиқаттың айқын көрінісі ретінде мызғымай келген.

Сондықтан, Қазақ елінің билер соты барша жұрт алдында кәсіби жағынан әбден шыңдалған, тәуелсіз сот билігі ретінде сақталып келді. «Адал би – әділ би» деген принцип содан қалған.

Бұл туралы академик Салық Зиманов өзінің еңбектерінде «Қазақтың билер соты өзіне жүгінген тараптардың дауларын қарастыра отырып, тараптардың арасында, рудың арасындағы бітімгершілікке және бірлікке қол жеткізуге тырысатын. Билер сотының осы асқақ мұраттарының талабына жауап беру үшін билер дала даналарының мектебінен өтуге, алдыңғы ұлы билердің сынынан сүрінбеуге тиіс болған» дейді [1].

Билер – өз заманының дәстүрлі құқықтары мен әдет-ғұрып ережелерін заңи тұрғыдан реттеп, заман ағымына қарай жаңартып отыратын білікті заңгерлер. «Заманына қарай – заңы, орманына қарай – аңы болады» деген қағида ізімен тозығы кетіп, озығы жеткен заңнама үлгілерін

уақытына сай жаңғыртып, елді біртұтас білікті заң ережелерімен қамтамасыз етуді де өз мойнына алған. Мемлекеттік істерде заң саласын жетік білетін сұңғылалығымен ел мүддесіне қажет ереже-қағидаларды норма шығармашылық және заң талқылау қабілеттілігімен иін қандырып, құқықтық қолданысқа енгізетін білікті заң маманы бола білді.

Абай заманында күні өткен, ескірген кер-тартпа әдеп-ғұрып, тәртіп, тұрмыс-тіршілікке қарсы тұрып, қоғам санасынан алыстауға тырысқан. Халқымыздың басынан өткен қиын да қилы заманның куәгері, дауласушылар мен таласқандар үшін шындыққа жету құралы, билер мен сот жүйесі үшін даналық пен білім бұлағы, тығырықтан шығар жол болды.

Қорытындылай келе Қазақ елінің ежелгі заманнан бергі көшпелі және жартылай отырықшы тұрмыс-салты мен әлеуметтік-саяси дамуындағы ұзақ жылдарда әртүрлі қоғамға қызмет еткен мемлекет билігіндегі билердің рөлі мен билер соты және олардың әлеуметтік мәртебесі осындай дүниежүзілік үлкен ғылыми конференцияда жан-жақты талқыланып, аса құнды баға берілуі – билер сотының ұмытылуға айналған мәртебесін қайта жаңғыртуға мұрындық болады деп үлкен сенім артамыз.

Әдебиеттер

1. Зиманов С.З. «Қазақ даласында әділ соттың «Алтын ғасыры» // Қазақтың Ата заңдары. 10 томдық. III том. – Алматы, 2004. – 616 б.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында». – Алматы, 1999.
3. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. – Алматы, 1985. – Т.1. – 526 с.
4. Сатанова Л.М. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы: оқулық. – Алматы, 2010. – 224 б.
5. Ведомости Верховного Совета СССР – Алма-Ата, 1956. – № 9. – 119 с.

Д.С. Сеюбергенова

В данной статье рассматриваются изменения судебной системы биев во время Российской Империи.

D. S. Seyubergenova

This article discusses changes in the judicial system during the biy Rossiskoy Empire.